



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 маусымдағы N 984. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті туралы ереже бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментін және оның аумақтық органдарын статистикалық және талдамалық ақпаратпен қамтамасыз етілетін мемлекеттік органдар тізбесіне енгізісін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 18 маусымдағы

N 984 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті (Қаржыминінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті) туралы

ЕРЕЖЕ I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті (Бұдан әрі - Департамент) мемлекеттік меншікті бірден-бір сатушы ретінде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіруге және мемлекеттік мүлікке билік етуге өкілетті мемлекеттік органдардың және барлық деңгейдегі әкімдердің оған сату үшін берген республикалық және коммуналдық меншікке иелік ету жөніндегі құқықты жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады.

2. Департамент өзіне берілген өкілеттік шеңберінде өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне Премьер-Министрдің өкімдеріне, өзге де

нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Департаменттің өз құзыретіне жататын мәселелер жөніндегі шешімдерін барлық органдар, ұйымдар лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы м і н д е т т і .

3. Департамент заңды тұлға болып табылады, белгіленген тәртіпте валюталық және ағымдағы шоты, мөрі және бланкілері болады.

4. Департаменттің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітеді.

5. Департаменттің облыстарда, Алматы және Байқоңыр қалаларында өзінің аумақтық органдары болады.

Жекешелендіру жөніндегі аумақтық органдары Департаментпен біртұтас құрылымға жатады, өздерінің қызметін Департамент оларға жүктеген өкілеттіктер шегінде және барлық деңгейдегі әкімдермен өзара іс-қимылда ұйымдастырады.

6. Департамент аппаратын және оның аумақтық органдарын ұстауға жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін ұстауға көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

II. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

7. Мыналар департаменттің негізгі міндеттері болып табылады: мемлекеттік меншікті жекешелендіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысады;

өзіне өкілетті органдардың сатуға берген акционерлік қоғамдардың мемлекеттік үлесін, акциялар пакеттерін аталған пакеттер сатылған сәтке дейін басқаруды қамтамасыз етеді, олардың басқару органдарында мемлекеттің мүддесін білдіреді;

сатып алу-сату шарттарының сақталуына бақылау жасайды, жекешелендіру туралы заңдардың сақталуын қамтамасыз етеді;

өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мүліктік құқығы мен мүддесін қорғайды.

8. Негізгі міндеттерге сүйене отырып Департамент: мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікті жекешелендіру бағдарламасын әзірлейді және жүзеге асырады;

өзінің құзыретіне қатысты мәселелерді реттейтін заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің жобасын әзірлеуге қатысады;

өз құзыреті шегінде заңды және жеке тұлғалардың атқаруы міндетті болып табылатын нормативтік құқықтық актілер шығарады;

өзіне берілген мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлкіне, сондай-ақ акционерлік қоғамдар мен басқа да шаруашылық серіктестіктердің мүлкіндегі мемлекеттің үлесіне меншіктік құқылылығын осы мүлікті сатуға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады;

мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендірудің нақты түрлері мен әдістерін айқындайды;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншік объектілерін сатуды және соған байланысты барлық шараларды ұйымдастырады;

жекешелендірілетін кәсіпорындарды сатар алдында дайындық жұмысын жүргізеді, бұл мақсат үшін тәуелсіз сарапшылар мен консультанттарды тартады, осы шаралар жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың жұмысына қатысады;

құнды қағаздар рыногының қатысушылары инвестицияларының инвестициялық-жекешелендіру қорларын трансформациялауға қатысады;

жекешелендіруге жататын мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкіне сараптама жасау мен оның құнын бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

қажет болған жағдайда жекешелендіруге байланысты жұмыстарды жүргізуге қатысуы үшін тәуелсіз сарапшыларды, аудиторлар мен консультанттарды тартады;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік меншікті сатудан түсетін қаражаттың бір бөлігін жекешелендірілетін объектілерді сату алдындағы дайындыққа, аукциондар, тендерлер, конкурстар ұйымдастыруға және өткізуге, заңды және жеке тұлғаларды шарттық негізде сарапшылар, консультанттар ретінде тартуға жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру үшін пайдаланады.

өзінің қызмет аясына қатысты мәселелер бойынша халықаралық қатынастарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді.

9 . Д е п а р т а м е н т :

қолданылып жүрген заңдарға және заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес акциялардың (мүлік үлесінің) мемлекеттік акциялар пакетін (мүліктік үлесті) ұстаушының акционерлердің жалпы жиналыстарында құқылылығын жүзеге асыруға;

алдына қойған міндеттерді орындау үшін өз қызметіне мүдделі мемлекеттік басқару органдарының және өзге де мемлекеттік мекемелердің келісімі бойынша сол ведомстволардың мамандарын тартуға;

өз функцияларын жүзеге асыру үшін заң бойынша тиісті қызметпен шұғылдануға құқылы өкілдер мен делдалдарды олармен жасалатын шарттар негізінде тартуға;

қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес мемлекеттік мүлікті, соның ішінде жекешелендірілетін кәсіпорындар акцияларының (үлестері) пакеттерін сату жөніндегі саудаластықтар өткізуге;

мемлекеттік меншік объектілерін сату кезінде заңды және жеке тұлғалармен ш а р т т а р ж а с а с у ғ а ;

мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру кезінде өзара міндеттемелердің шарттары мен сипатын белгілеуге және олардың орындалуын бақылауға;

өз қызметін жоспарлауға, құрылымы мен штат саны жөнінде ұсыныс енгізуге құқылы.

III. Департаменттік қызметін ұйымдастыру

10. Департаментке Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор басшылық жасайды. Директордың орынбасары болады, оны Департамент директорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы .

11. Департамент директоры Департаменттің жұмысын ұйымдастырады және басшылықты жүзеге асырады. Департаментке жүктелген міндеттерді орындауға және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауап береді.

12. Осы мақсаттарға департамент директоры:

өзінің орынбасарының және Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері жауапкершілік деңгейін айқындайды;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен қызмет номенклатурасына сәйкес қызметкерлерді қызметке тағайындайды және қ ы з м е т т е н б о с а т а д ы ;

т ә р т і п т і к ш а р а қ о л д а н а д ы ;

өз құзыреті шегінде құқықтық нормативтік актілер шығарады;

Департаменттің құрылымдық бөлімшелері және оның аумақтық органдары т у р а л ы е р е ж е н і б е к і т е д і ;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарда және ұйымдарда Департаментті білдіреді;

өз құзыретіне жатқызылатын басқа да мәселелер бойынша шешім қ а б ы л д а й д ы .

13. Департаментті тарату және қайта ұйымдастыру қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

